«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы»коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Уәлиханов ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «ӨНЕР МЕКТЕБІ» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
БҰЙРЫҚ

Государственное коммунальное казенное предприятие «ШКОЛА ИСКУССТВ» коммунального государственного учреждения «Отдел образования Уалихановского района»коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области
ПРИКАЗ

тел.: 22474 151200, Кішкенекөл селосы, Жамбыл көшесі, 68 үй
тел (факс): 22474 151200, с. Кишкенеколь, ул. Джамбула 68

2026 ж. қаңтардың 09-і №02 /н 09 января 2026 г.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ ВЕБ-ПОРТАЛЫН ПАЙДАЛАНУ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2019 жылғы 01 қаңтардан бастап «Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алулары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» Заң (бұдан әрі – Заң) қолданысқа енгізіледі.

Аталған Заңға сәйкес 2019 жылғы 01 қаңтардан бастап мемлекеттік сатып алудың веб-порталын пайдалану (қол жеткізу) қызметі әлеуетті өнім берушілерге ақылы негізде көрсетіледі.

Осыған байланысты мемлекеттік сатып алудың веб-порталына қол жеткізу әлеуетті өнім беруші тиісті шарт жасасып, Қызмет ақысын төлегеннен кейін қамтамасыз етіледі.

ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ ЖОСПАРЛАНҒАН ШАРТТАРЫ:

1. Қызмет мемлекеттік сатып алудың веб-порталындағы келесі функцияларды пайдалануды қамтиды:

– мемлекеттік сатып алуға қатысуға өтінім беру/толықтыру, бір көзден мемлекеттік сатып алуға қатысу туралы келісім беру;

– баға ұсынысын беру;

– мемлекеттік сатып алу туралы шартты келісу және қол қою (мемлекеттік сатып алудың барлық тәсілдері бойынша).

2. Қызметтің құны әлеуетті өнім беруші қатысу үшін таңдаған лоттардың жоспарлы сомасынан немесе жасалатын шарттың жоспарлы сомасынан есептелетін өтінімнің (шарттың) ең жоғарғы құнына қарай айқындалады.

Шектеу әрбір өтінім мен шартқа жеке қолданылады (төленген кезең ішінде

берілетін өтінімдер мен шарттардың саны шектелмейді).
Қызмет ақысы жылына бір рет төленеді.

Қызмет құнын есептеу «Электрондық қаржы орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №15 шешімімен, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісу арқылы бекітілген.

ТАРИФТЕР:

ШЕКТІ СОМАЛАР	ТАРИФ (АЕК/ЖЫЛ)	ТАРИФ (ТЕҢГЕ/ЖЫЛ)
1 млн теңгеге дейін	1 АЕК	4 325
10 млн теңгеге дейін	10 АЕК	43 250
100 млн теңгеге дейін	20 АЕК	86 500
1 млрд теңгеге дейін	60 АЕК	259 500
Шектеусіз	122 АЕК	527 650

* 2026 жылға арналған тарифтер
* Бағалар ҚҚС-ты ескере отырып көрсетілген

3. Ақшалай төлемдерді аудару үшін реквизиттер:

«Электрондық қаржы орталығы» АҚ «Электрондық қаржы орталығы»
БИН: 071140005693
IBAN: KZ736010111000171681
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ «Электрондық қаржы орталығы»
БИК: HSBKKZKX
Кбе: 16
КНП: 859 (Кәсіби, ғылыми және техникалық өзге де қызметтер)
Төлем мақсаты: Мемлекеттік сатып алудың веб-порталын пайдалану (қол жеткізу) қызметі үшін төлем.
Аудару негізі: «Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алулары мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Заңның 17-бабының 3-тармақшасы.
Ақша қаражаттарын тек ұлттық валютада аударуға жол беріледі. Қаражат төлем құжатында көрсетілген ЖСН/БСН бойынша есепке алынады. Банктер тарапынан аударымдардың кешіктірілуі 3 жұмыс күніне дейін болуы мүмкін.

4. Қызмет шартқа қол қойылған немесе Қызмет ақысы төленген күннен бастап ағымдағы жылдың соңына дейін көрсетіледі.

Директор: _____ **Шакенова Д.Ж.**